



**Орал гуманитарлық-техникалық колледжі жанындағы
«AZIM» бөбекжайы**

**«Лего ойындары арқылы
балалардың құрастыру
қабілеттерін дамыту»**

**«Балдырған» ересек тобының тәрбиешісі:
З.М.Мендіханова тәжірибесінен**

Мақсаты:

- **Жобалау және құрастыру;**
- **Құрастыру процесінде кеңістіктік және математикалық көріністерді дамыту;**
- **Бағдарламалау негіздерімен таныстыру;**
- **Құрастыруды оқу қызметінің бақа түрлерінде интеграциялау;(жобалау,зерттеу);**
- **ұжымдық жұмыс формасын ұйымдастыру, ұжымдық еңбек дағдыларын дамытуға ықпал ету,міндеттерді бөлу,өз іс-әрекеттерін жалпы жоспарға сәйкес жасау, ұжымдық нәтижеге қол жеткізу, қателіктер мен сәтсіздіктерді талдау;**



Білім беру робототехникасының негізгі мақсаты:

***Логикалық ойлау қабілеті
дамыған,шығармашылық,техникалық сауатты, ойлауы
үйлесімді дамыған жеке тұлғаны тәрбиелеу;**



Міндеттері:

- **балалардың қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру:**
пікірталасқа қатыса білу, өз көзқарасын қорғай білу,
ұжымда, командада, шағын топта (жұпта) жұмыс істей білу;
 - **әлеуметтік еңбек құзыреттілігін дамыту:**
еңбексүйгіштік, дербестік, басталған істі аяғына дейін жеткізе
білу;
- **балалардың психофизикалық қасиеттерін дамыту:** есте
сақтау, зейін, логикалық және аналитикалық ойлау қабілеттерін
дамыту, ұсақ моториканы дамыту;



Тиімділігі:

- бұл мектеп жасына дейінгі балалардың интеллектуалды дамуы үшін керемет құрал;
- білім беру қызметі ойын барысында жүзеге асырылады, танымдық белсенділікті қалыптастырады, әлеуметтік белсенді тұлғаны тәрбиелеуге ықпал етеді, қарым-қатынас және бірлесіп құру дағдыларын қалыптастырады;
- ойынды зерттеумен және эксперименттік қызметпен біріктіреді, балаға өз әлемін зерттеуге және түсінуге мүмкіндік береді;



«Өз тандауы бойынша құрастыру»

1. Шығармашылық құрастыру (бойынша)
2. Мұнаралар.
3. Үлкен қақпа мен кішкентай машиналар.
4. Гараж үшін үлкен және шағын машина.

Мақсаты: Қолдың ұсақ моторикаларын дамыту., Есте сақтау, зейін, салыстыру қабілеттерін жетілдіру. Қиялға, шығармашылық ойлауға үйрету. Есептеу, пропорция, пішін, симметрия, құрылымның беріктігі мен тұрақтылығы туралы білім беру.



«Көңілді поезд»

Мақсаты: LEGO Education конструкторларымен таныстыруды жалғастыру. Түр-түстерін, пішінін меңгерту. Өз бетімен өзіне қажетті конструкторларды түсіне, пішініне қарап таңдауға үйрету. Ұзын-қысқа ұғымдарын қалыптастыру. (ұзын жасыл поезд-қысқа қызыл поезд).







«Әдемі үй»

1. Үй құрастырамыз.
2. Терезелі үй құрастырайық.
3. Есігі, қоршауы бар үй құрастырайық.

Мақсаты: Нұсқауларды орындау дағдыларын дамыту. Үй құрылысының негізгі бөліктерімен таныстыру – қабырғалар, еден, шатыр, терезе, есік. Балаға үйдің бөлшектерін әр түрлі пішіндері бар кубиктерден құрастыруды ұсыну. Үйді қандай бөлшектерден құрастыратыны туралы әңгімелесу. (үшбұрыш, төртбұрыш, төбесі, есігі, терезесі т.с.с) бар. 3-4 түрлі бөлшектерден тұратын үй құрастыруды үйрету. Үлгі бойынша. (Кубик, үшбұрыштар, пластина, төртбұрыштар) Бекітудің әр-түрлі тәсілдерімен таныстыру, конструктор бөлшектерінің атауын бекіту, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; қиялды, есте сақтауды дамыту. Түстер туралы білімді бекіту.

«Аулаға арналған қақпа»

Мақсаты: Екі түрлі бөлшектерден қақпаны құрастыруды үйрету.
(Кубик, дiңгегi)

- Үлгi бойынша.

- Бекiтудiң әртүрлi тәсiлдерiмен таныстыру; - конструктор бөлшектерiнiң атауын бекiту; - қолдың ұсақ моторикасын дамыту;

- Бекiтудiң әртүрлi тәсiлдерiмен таныстыру, конструктор бөлшектерiнiң атауын бекiту, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; Балаларға көмектесу, құрылысты тексеру, оның түсiн, пішiнiн ерекшелеу.

